

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 976 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"**

**1-Бап.** Қазақстан Республикасының заң актілеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; 12, 183-құжат; 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжат; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат; N 14, 5 8 - құжат) :

**242 - баптың 3 - тармақтағы:**

екінші бөліктегі "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен **толықтырылсын;**

үшінші бөліктегі "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат ; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8, 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17 -18, 245-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 23-24, 192-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат):

60-баптың 1-тармағындағы "өткізу" деген сөз "немесе әрі қарай пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

1 ) 7 4 1 - б а п т ағ ы :

"Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және міндепті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актілерінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 1 0 8 3 - б а п т ың 2 - т а р м а қ т ағ ы :

екінші бөліктегі "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші бөліктегі "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат ; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 13, 53-құжат):

1 ) 1 4 6 - б а п т ың б і р і н ш і б ө л і к т е г і :

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өндіріп алушының атауы, оның тұрғылықты жері, тұрақты жері бойынша тіркелгені туралы мәлімет, немесе егер талапкер үйым болып табылса оның тұрған жері , банк реквизиті және салық төлеу тіркеу номері;

4) борышкердің атауы, оның тұрғылықты жері, сондай-ақ өтініште сот бүйріғы шығарылғаны туралы көрсетілсе, борышкердің жұмыс орны туралы мәлімет, салық төлеу тіркеу номері және тұрақты мекені бойынша тіркелгені туралы мәлімет, немесе,

егер борышкер ұйым болып табылса, оның тұрған жері, сондай-ақ, егер өтініште сот бүйрығы шығарылғаны туралы көрсетілсе, салық төлеуші борышкердің банк реквизиттері және тіркеу номері туралы мәлімет;";

2) 150-баптың екінші бөліктегі:

2) тармақшасы:

"оның тұрғылықты жері" сөзінен соң ", мекен-жайы бойынша тіркеу туралы мәліметтер" сөздерімен толықтырылсын;

"оның тұрған жері" сөзінен соң ", салық төлеушінің тіркеу нөмірі" сөздерімен толықтырылсын;

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жауапкердің атауы, оның тұрғылықты жері және, егер де талапкерге мәлім болса, жауапкердің жұмыс орны, салық төлеушінің тіркеу және мекен-жайы бойынша тіркеу туралы мәліметтер немесе, егер жауапкер ұйым болса, егер талапкерге мәлім болса, жауапкердің салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен банк реквизиттері;"

3) 236-баптағы:

төртінші бөліктігінде:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өндіріп алушының атауы, оның тұрақты мекені, тұрақты мекені бойынша тіркелгені туралы мәлімет, немесе егер өндіріп алушы ұйым болып табылса, оның тұрақты орны, салық төлеу тіркеу номері және банк реквизиттері" деген сөздермен аудастырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"борышкердің атауы, оның тұрғылықты жері, сондай-ақ егер істің материалдарында бар болса борышкердің жұмыс орны туралы мәлімет, салық төлеу тіркеу номері және тұрақты мекені бойынша тіркелгені туралы мәлімет, немесе, егер борышкер ұйым болып табылса, оның тұрған жері, сондай-ақ, егер істің материалдарында бар болса борышкердің салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен банк реквизиттері туралы мәліметтер";

бесінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер сотпен талап арызды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданса, орындаушылық құжатқа талап арызды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар туралы құжаттардың көшірмелері, соның ішінде, егер іс материалдарында бар болса, мұліктік талап арызды қамтамасыз етуде тыйым салынған және оның сақталуына жауапты тұлғалардың тұратын орны туралы мәліметтер бар құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.";

4) 240-4, 240-5, 240-6 баптармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"240-4 бап. Сот орындаушының орындаушылық санкцияны өндіру туралы және орындаушылық іс-әрекетті жасау бойынша шығынды өтеу туралы ұсынысын қарау

1. Сот орындаушысының орындаушылық санкцияны өндіру туралы және орындаушылық іс-әрекетті жасау бойынша шығынды өтеу туралы ұсынысы сотқа оның келіп түскен күннен бастап он күн ішінде судьямен шешіледі. Сот, борышкерді және өндіріп алушыны сот орындаушысының ұсынысы келіп түскені туралы хабардар етеді, сот мәжілісі өтетін уақытын және жерін хабарлайды. Сот мәжілісі өтетін уақыты мен жері туралы тиісті түрде хабардар етілген борышкердің немесе өндіріп алушының келмеуі істі қарауға кедергі болып табылмайды. Сот орындаушысының ұсынысын қараған судья ұйғарым шығарады.

2. Орындаушылық санкциясы мәселесі бойынша және орындаушылық іс-әрекетті жасау бойынша шығынды өтеу бойынша сottың ұйғарымына жеке шағым және наразылық келтірілуі мүмкін.

3. Орындаушылық санкциясын өндіру туралы және орындаушылық іс-әрекетті жасау бойынша шығындарды өтеу туралы сottың ұйғарымы негізінде орындаушылық парат жазылады.

4. Орындаушылық санкциясын өндіру туралы және орындаушылық іс-әрекетті жасау бойынша шығындарды өтеу ұйғарымы, сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіpte орындауға келтіріледі.

240-5 бап. Шешімді орындау кезінде сот орындаушының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану

1. Атқарушылық іс жүргізу процесінде немесе осындай іс-әрекет жасаудан бас тартқан сот орындаушының әрекетіне (әрекетсіздігіне) өндіріп алушымен немесе борышкермен шағым берілуі мүмкін. Шағым сот орындаушысы қызмет көрсететін участкідегі аудандық сотқа, әрекет жасаған күннен (әрекет жасаудан бас тартқан) он күннің ішінде, сот орындаушының іс-әрекет жасау уақыты, жері туралы хабардар етілмеген, немесе өндіріп алушы немесе борышкерге сол күннен бастап ол туралы белгілі болса беріледі.

Жоғары тұрған органға және лауазымды тұлғаға алдын ала өтініш жасау, сотқа шағым беру және оны сот қарауына қабылдау үшін міндettі шарт болып табылмайды.

2. Шағым сотпен он күндік мерзімде қаралады. Өндіріп алушы, борышкер және сот орындаушы сот мәжілісі уақыты мен жері туралы хабардар етіледі, алайда олардың келмеуі шағымды шешу үшін кедергі болып табылмайды.

3. Сот шағымды дәйекті деп тауып сот орындаушының әрекетін жарамсыз, немесе бұзы туралы немесе сот орындаушымен жіберілген қателіктерді толық көлемде жою міндettілігі туралы, немесе өндіріп алушы немесе борышкердің бұзылған құқықтары мен бостандығын өзге тәсілмен қалпына келтіру туралы шешім шығарады.

Егер көрсетілген әрекет тек қана сот орындаушымен жасалса, сот шешімге мерзім белгілеуі мүмкін, осының ішінде шешім орындалуы тиіс.

4. Сот, егер сот орындаушының шағымдалатын әрекеті (әрекетсіздігі) өкілетті шегінде заңға сәйкес жасалса, заңмен қорғалатын өндіріп алушы мен борышкердің

мұдделерінің бұзылмағандығын анықтаса, шағымды қанағаттандырудан бас тартады.

5. Шешімнің орындалғаны туралы сотқа, өндіріп алушыға, немесе борышкерге сот шешімін алған күннен бастап бір ай мерзім ішінде кешіктірілмей хабарландырылуы тиіс, егер сот шешімде өзге мерзім белгілемесе.";

240-6 бап. Шешімді орындаған кезде басқа тұлғалардың құқықтарын қорғау

1. Сот орындаушымен мүлікке тыйым салу өндірісін жүргізген кезде заң бұзушылыққа жол берілген жағдайда, мүлік борышкерге ме немесе басқа тұлғаларға тиесілігіне қарамастан тыйым салуды бұзуға негіз болып табылады, борышкердің және осы тұлғалардың мүлікке тыйым салу туралы өтініші осы кодекстің 240-5 бабы белгіленген тәртіpte сотпен қаралады. Осында өтініш тыйым салынған мүлікті өткізгенге дейін берілуі мүмкін.

Басқа тұлғалармен мүліктің тиесілігімен оны өндіруге байланысты азаматтық құқық туралы даулы өтінішті, талап арыз өндіріс ережесі бойынша сотпен қаралады.

2. Мүлікке тыйым салудан босату туралы талап арыздар жеке меншік иелерімен, шаруашылық жүргізу құқығында мүлікке иелік етуші тұлғалармен, шұғыл басқару, жерді тұрақты пайдалану, немесе өзге де негіздер бойынша заң актілерімен немесе шартпен көзделген жағдайларда ұсынылуы мүмкін.

3. Тыйым салынған мүлікті босату туралы талап арыздар борышкер мен өндіріп алушыға да ұсылады.

Егер тыйым салынған мүлік өткізіліп кетсе, талап арыз мүлік берілген тұлғаларға да ұсынылады. Өткізіліп кеткен мүлікті қайтару туралы талап арыз қанағаттандырылған жағдайда мүлікті сатып алушы, өндіріп алушы және борышкерлер арасындағы даулар сотпен талап тәртібінде қаралады.

4. Егер мүлікке мүлікті тәркілеумен байланысы тыйым салу жүргізілсе, жауапкер ретінде сотталған және республикалық меншікке өндірілген (келіп тұскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау бойынша және оны әрі қарай пайдалану ұйымдастыру жұмыстарына уәкілетті тиісті орган тартылады. Талап арыз талаптары дәйекті деп танылған жағдайда, егер тәркіленуге жататын мүлік қаржы органында болса және олар сауда, басқа ұйымдарға өткізу, қайта өндеу үшін, немесе ақысыз берілсе, онда осы мүлік заттай қайтарылуға жатады. Бұл жағдайда уәкілетті органнан басқа іске қатысуға көрсетілген ұйымдар тартылады және оларға мүлікті қайтару жөнінде міндеттеме жүктеледі.

Егер мүлікке тыйым салу мүлікті тәркілеуге байланысты жүргізілсе, өткізіліп, немесе қайта өнделіп кетсе, талапкерге мүлікті өткізілгеннен тұскен сома өтеледі.

5. Судья, мұдделі тұлғалардың өтініштеріне қарамастан белгілеп, осы баптың бірінші бөлігіндегі көрсетілген мән-жайлармен мүлікке тыйым салуды жоюға міндетті.

".

5) осы Заңың қосымшасына сәйкес көрсетілген Кодексіне қосымшамен толықтырылсын.

5. 2001 жылғы 30 қантардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6 құжат; N 17-18, 241-құжат; 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжат; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат):

1 )            5 2 2 - б а п т а :  
е к і н ш і            б ө л і к т е г і :

"анықтаушының," деген сөзден кейін "сот орындаушысының," деген сөздермен толықтырылсын;

2 )            5 2 4 - б а п т а :  
б а п т ы ң            б а с ы н д а ғ ы :

"Соттардың және" деген сөздер "Сот актілерін," деген сөздермен ауыстырылсын;  
"басқа да" сөздер алып тасталсын;

бірінші абзацындағы "сот қаулыларын," сөздерін "сот актілерін, қаулыларын" сөздерімен ауыстырылсын;

3) 620-бап 11) тармақшадағы "жүзеге асыра алады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) соттың үй-жайында, сот отырысының залында, сондай-ақ атқарушы құжаттарды мәжбүрлеп орындану барысында құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату туралы талаптар орындалмаған кезде сот приставары жүзеге асыра алады.";

4) 635-баптың екінші бөліктегі "іс қозғалған адам туралы мәліметтер" деген сөздерінен кейін "(жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаты, тұрақты мекені, тұрақты мекені бойынша тіркелгені туралы мәлімет, жұмыс орны, жеке басын куәландыратын құжат мәліметі бар болса; занды тұлға үшін - толық атауы, тұрақты орны, банк реквизиті және салық төлеу тіркеу номері)" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 636-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "сот орындаушылары" деген сөздерден кейін ", сот приставары" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 651-баптың бірінші бөліктің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) оған қатысты іс қаралған тұлғаның толық атауы, жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, салық төлеушінің тіркеу номері, тұрақты мекені, тұрақты мекені бойынша тіркелгені туралы мәлімет, жұмыс орны; занды тұлға үшін - толық атауы, тұрақты орны, жұмыс орны, салық төлеушінің тіркеу номері және банк реквизиті.";

7) 713-баптың 2-тармағындағы "Өткізу" сөзі "Әрі қарай пайдалану" сөздерімен ауыстырылсын.

6. 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салықтар және бюджетке өзге де міндепті төлемдер туралы (Салық кодекс)" Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжат; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

1) 17-баптың 1-тармағындағы 11) тармақшасына:

"сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен тоғызылсын;

"оны" сөзі "егер оны сатылған жағдайда" сөздерімен ауыстырылсын;

2 ) 5 5 0 - б а п т а :

тақырыбындағы және 1 және 2-тармақтарда "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен тоғызылсын;

1-тармағында "оны" сөзі "егер оны сатылған жағдайда" сөздерімен ауыстырылсын.

7. 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат):

489-баптың 1-тармағы ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленетін тәртіпте мемлекеттік мекемелердің мұқтажына берілетін" сөздерімен тоғызылсын.

8. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9 , 2 6 - қ ұ ж а т ) :

95-баптың үшінші бөлігінің екінші сөйлеміндегі "сатылуы" деген сөзден кейін "немесе өзге де пайдалану" деген сөздермен тоғызылсын.

9. 1995 жылғы 31 тамыздағы "Қазақстан Республикасындағы банкілер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5 , 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжат; N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14, 55, 58-құжат):

1 ) 5 0 - б а п т а :

6-тармақтың д-1) тармақшасындағы:

"бірінші басшы немесе" деген сөздер алып тасталсын;  
"жазбаша саял" сөздері "қаулы" деген сөзben ауыстырылсын;

2) 51-баптың 1-тармағының бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен  
толықтырылсын:

"Атқарушылық іс жүргізу органдарымен орындаушылық құжатты орындауды  
қамтамасыз еткенде оларға тыйым салынатын ақша және мүлік сомасы өндірушіге  
тағылған соманы өтеу үшін қажетті сомадан аспауы тиіс, сондай-ақ борышкерге  
орындаушылық құжатты орындау процесінде тағылған айыппулдар және  
орындаушылық құжатты орындау бойынша шығындар".

10. 1997 жылғы 7 шілдедегі "Сот приставары туралы" Қазақстан Республикасының  
Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 201-  
құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағындағы сөздер "соттар қызметін белгіленген тәртіpte  
қамтамасыз ету жөнінде" алып тасталсын;

2 ) 2 - б а п т а :

1) тармақша ", сондай-ақ сот орындаушылармен орындаушылық әрекеттер жасаған  
кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша ", сондай-ақ сот орындаушылар мен орындаушылық әрекеттерге  
қатысушы тұлғаларды осы әрекеттерді жасаған кезде қорғау" деген сөздермен  
толықтырылсын;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Сот приставары қызметін ұйымдастыру және оларды  
тағайындау тәртібі

1. Сот приставардың бөлімшелері қалыптасады:

1) орындаушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету бойынша уәкілетті  
мемлекеттік органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) - аудандардағы, қалалардағы және  
қалалардағы аудандардың аумақтық бөлімдерінде (бұдан әрі - аумақтық бөлімдер)  
облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы уәкілетті аумақтық органдары (бұдан  
әрі - аумақтық органдар);

2) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында - Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы.

2. Аумақтық бөлімдерде сот приставарының қызметіне әдістемелік басшылық  
жасау мен ұйымдастыруды уәкілетті орган, оның аумақтық органдары және аумақтық  
бөлімдер жүзеге асырады.

Уәкілетті орган:

1) сот приставарының жұмысын ұйымдастырады;  
2) сот приставары кадрларын оқытумен айналысады, олардың кәсіби дайындығын

**а р т т ы р а д ы ;**

3) сот приставтары қызметі іс-тәжірибесін жинақтайды, осы негізде әдістемелік  
**ұ с ы н ы м ж а с а й д ы ;**

4) сот приставтары қызметінің статистикалық есебін жүргізумен айналысады;

5) орындаушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз егу және соттар қызметінің белгіленген тәртібі мәселесі бойынша басқа мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

6) сот приставтары бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді  
**ж ү з е г е а с ы р а д ы .**

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставтары қызметін ұйымдастыру мен әдістемелік басшылық жасау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты жүзеге асырады.

4. Аумақтық органдар мен аумақтық бөлімдерде тиісті аумақтық органдардың басшылары сот приставтарын лауазымдық қызметке тағайындейды және босатады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставтарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

5. Сот приставтары бөлімшелерінің штат санын тиісінше уәкілетті органның басшысы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін штат саны шегінде бекітеді.";

**4 ) 7 - б а п т а :**

**1 - т а р м а қ т а :**

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"1-1) сот орындаушылармен орындаушылық әрекеттер жасалған кезде азаматтардан құқыққа қарсы іс-әрекеттер мен белгіленген тәртіпті сақтауды талап ету";

2) тармақшадағы "(көшпелі отырыс өткізілген жағдайда - сот отырысы өткізіліп жатқан үй-жайда)" деген сөздерден кейін "және сот орындаушылармен орындаушылық әрекеттер жасалған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

**2 - т а р м а қ т а :**

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) судьяларды және сот процесіне қатысушы өзге де тұлғаларды, сондай-ақ осындай әрекеттерді жасаған кезде орындаушылық әрекеттерге қатысушы тұлғаларды қ о р ғ а у ; " ;

5) тармақтағы "соттың үй-жайы" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ орындаушылық әрекеттерді жасаған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

**5 ) 8 - б а п т а :**

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сот приставы қару, арнайы құралдар және өткір тәсілдер қолданғаның барлық жағдайларында жан-жағындағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін

қажетті шараларды қабылдауға міндettі және зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетіп, аумақтық бөлімнің басшысына қару, арнайы құралдар және өткір тәсілдер қолданған туралы хабарлайды, ол осында жағдай туралы аумақтық органға хабарлауға міндettі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының приставы қару, арнайы құралдар және өткір тәсілдер қолданғаны туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Аппарат басшысына хабарлайды.

Кару, және арнайы құралдар қолданған адамдардың өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеліп соққан әрбір жағдайда, дереу прокурор хабардар етіледі.";

#### 6 - т а р м а қ т ағ ы :

"заннама белгіленген тәртіpte бекітіледі" деген сөздер "және олардың бөліну тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жоғарғы Сотына" деген сөздер "Жоғарғы Сотың аппаратқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Сот приставарының қызметіне бақылау жасау

1. Аумақтық бөлімдерде сот приставарының қызметіне бақылау жасауды үәкілетті орган, оның аумақтық органдары және аумақтық бөлімдері жүзеге асырады.

Үәкілетті орган сот приставарының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде аумақтық органдар мен аумақтық бөлімдердегі сот приставарының қызметін ұйымдастыруын тексеруді жүзеге асырады.

Аумақтық органдар және аумақтық бөлімдер сот приставарының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде аумақтық бөлімдердегі сот приставарының қызметін ұйымдастыруын тексеруді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставарының қызметіне бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жүзеге асырады".

11. 1997 жылғы 14 шілдедегі "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 48-құжат; N 12, 86-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 3-баптың 6-тармағындағы "жазбаша талап етуі бойынша," деген сөздерден кейін "атқарушылық іс жүргізу органдары олардағы іс өндірісі бойынша атқарушылық іс жүргізу істері," деген сөздермен толықтырылсын;

#### 2) 70 - б а п т ы н 6 - т а р м а ғ и н д а :

бірінші бөліктегі "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "сақтау, бағалау" сөздерінен кейін ", әрі қарай пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын.

12. 1998 жылғы 29 маусымдағы "Төлемдер және ақша аударымдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 10, 49, 51-құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 14, 55-құжат):

1) 14-баптың 3-тармағының екінші бөліктегі "өндіріп алу туралы" деген сөздерден кейін "және орындаушылық құжаттар бойынша атқарушылық іс жүргізу органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Сот актілерін және сот орындаушының қаулысын орындау ерекшеліктері.

1. Қазақстан Республикасы сотының ақша өндіру туралы сот актісі, сондай-ақ борышкердің банктегі ақшасына тыйым салу және заңды тұлғаның, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның банктік есеп шотының барлығы туралы ақпаратты сұратып алу туралы прокурормен санкцияландырылған сот орындаушының қаулысы немесе оның атқарушылық іс жүргізу органдының аумақтық бөлімінің мөртабанымен куәландырылған көшірмесі осы баптың 4-тармағымен көзделген жағдайдан басқа барлық банктерге ұсынылады.

2. Банктер көрсетілген құжаттарды алғаннан келесі күннен кейінгі екі операциялық күннен кешіктірмей сотқа (сот орындаушысына) қажетті мәліметтерді жіберуі тиіс. Мәлімет ақша өндіру жүргізілетін тұлғаның банк есеп шотының барлығы туралы мәлімет, немесе олардың жоқтығы туралы, банк есеп шоты бар кезде барлық қажетті банк есеп шотының реквизиттері және банк есеп шоттарында бар, қалған қалдықтың мөлшері көрсетілуі тиіс. Сот орындаушысына жіберілетін мәліметтерде ақшаның оларға тыйым салынған көлемі көрсетілуі тиіс.

3. Сот (сот орындаушы) көрсетілген мәліметтерді алып, банкті (банкілерді) анықтайды оған ақшаны өндіру туралы сот актісін орындау бойынша міндет жүктейді және осындаи банкке (банкілерге) сот мөртабанымен куәландырылған қосымшасымен тиісті орындаушылық құжатты немесе оның көшірмесін жібереді.

4. Егер сот (сот орындаушы) ақша өндірілуі жүргізілуі тиісті тұлғаның банк есеп шотында ақшаның бар болуы туралы мәліметке ие болса, онда сот орындаушының тапсырмасы тиісті орындаушылық құжаттың көшірмесімен тікелей тиісті банкке орындау                          үшін                          ұсынылады .

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі орындаушылық құжатты орындау бойынша уәкілетті органның назарына, банктер тізімі мен олардың тұрақты орнын көрсете отырып және бірінші басшы жөнінде әрбір тоқсан сайын жеткізеді.

Орындаушылық құжатты орындау бойынша уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіден алған тізімді жергілікті соттар мен сот орындаушылардың назарына жеткізеді.".

13. 1998 жылғы 30 маусымдағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 24, 153-құжат):

1) 3-бапты мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттен өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып табылатын таратылатын заңды тұлғаның мүлкі жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда капиталдандырылған тиесілі төлем ақыны өндіру бойынша атқарушылық іс жүргізу Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген тәртіппен жүргізіледі.";

2) 4-1 бапты мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтарымен толықтырылсын:

"3. Атқарушылық іс жүргізу органдары өз қызметін басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, саяси партиялардан және басқа қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады.

4. Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерінің қызметтік қызметіне араласуға, заң актілерімен осыған тікелей уәкілетті тұлғадан басқа ешкімнің құқы жоқ. Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерінің қызметіне құқыққа қайши араласу заң белгілегендей жауапкершілікке тартылады.";

3) 6-бапта "іс жүргізуіне қабылдаған" сөздерден кейін "және осы заңын 10-бабына сәйкес өз еркімен орындау үшін сот орындаушысы белгілеген мерзімнің өтуі" сөздермен толықтырылсын;

4) 12-баптың 1-тармағында "заң актілерінде өзге де орындау мерзімдері" сөздерін "егер де заңнамада басқаша";

5) 18-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі тәртібінде шығарылған сот қаулылары бойынша борышкерді іздестіру хабарландырылмайды.";

#### 6) 20 - б а п т ы н д а : 2 - т а р м ағ ы н д а :

"атқару құжаты" деген сөздерден кейін "немесе оның көшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Орындаушылық құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасы негізінде оларды орындағаннан кейін орындаушылық санкциясы өндірілуге жатады, орындалуды қамтамасыз ету шаралары тек оны өндіргеннен кейін бұзуға жатады.";

"қалпына келтірген" сөздерінен кейін "немесе тоқтатылған атқарушылық іс жүргізудегі атқару құжатын орындау кезіндегі сот орындаушының іс-әрекетін заңсыз деп тапқан" деген сөздермен толықтырылсын;

#### 7 ) 2 1 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасына ", және сот орындаушымен заңмен жіберілген барлық шараларды қабылдап, оның мүлкін анықтау немесе табысын бойынша

нәтижесіз болса" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы З-тармақпен толықтырылсын:  
"3. Атқарушылық құжат ол бойынша өндіріп алушы мемлекет болып табылса сотқа қайтарылады.";

8) 28-1, 28-2, 28-3, 28-4, 28-5 - баптармен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"28-1-бап Атқарушылық іс жүргізудегі құқықтық мирасқорлық

Борышкер шығып қалған жағдайда (азаматтың қайтыс болуы, заңды тұлға қайта үйымдастырылса, талаптан қайтса, борышты аударса) сот орындаушысы шешім шығарған сотқа борышкерді оның құқықтық мирасқорына ауыстыру туралы ұйғарым шығару туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Құқық мирасқоры үшін оның атқарушылық іс жүргізуге енгенге дейінгі жасалған іс-әрекеттер борышкерге міндеттелгендей мөлшерде міндетті.";

28-2-бап. Атқарушылық іс жүргізуге тараптар өкілдерінің қатысуы

1. Атқарушылық іс жүргізуге азаматтар өздігінен немесе өкілдері қатыса алады. Атқарушылық іс жүргізуге азаматтың жеке қатысуы оның өкіл алуы құқығынан айырмайды. Егер орындаушылық құжат бойынша борышкерге тек қана ол жеке орындау міндеттері жүктелсе, онда оларды орындау кезінде борышкер өкіл арқылы әрекет жасауға құқы жоқ.

2. Атқарушылық іс жүргізуді үйымдастыруға қатысу, олардың органы не лауазымды тұлғалар арқылы оларға заңмен берілген өкілеттілік шегінде, өзге де нормативтік құқықтық актілер не құрылтайшы құжаттар, немесе көрсетілген органдар мен лауазымды тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Үйимды ұсынатын тұлғаның оның лауазымдық жағдайы мен өкілеттілігін растайтын құжаттары болуы тиіс.

3. Өкілдердің өкілеттілігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхатпен расталуы тиіс.";

28-3 бап. Өкілдің өкілеттілігі

1. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушы өкіл, ұсынылатынның атынан атқарушылық іс жүргізумен байланысты барлық іс-әрекеттер жасауға құқылы.

2. Ұсынылатынға берілетін сенімхатта өкілдің өкілеттілігіне мынадай іс-әрекеттер жасауға арнайы ескертпе болуы тиіс:

1) орындаушылық құжатты ұсыну және қайтарып алу;

2) өкілдікті басқа тұлғага беру (қайта беру);

3) сот орындаушының әрекетіне шағымдану;

4) тағылған мүлікті (соның ішінде ақша) алу.";

28-4 бап. Өкіл бола алмайтын тұлғалар

1. Атқарушылық іс жүргізуде 18 жасқа толмаған не қорғаншылық не қамқоршылықта тұрған тұлғалар бола алмайды.

2. Судьялар, тергеушілер, прокурорлар, атқарушылық іс жүргізу органдарының және сот аппаратының қызметкерлері атқарушылық іс жүргізуде өкілдер бола алмайды.

Осы ереже мына жағдайларда, көрсетілген тұлғалар тиісті соттардың, прокуратураның не заңды өкілдер ретінде қатыса алады.";

#### 28-5-бап. Заңды өкілдер

1. Атқарушылық іс жүргізуде іс-әрекетке қабілетсіз азаматтар, және іс-әрекеті шектелген азаматтардың заңмен қорғалатын құқықтарын заңды өкілдері - олардың ата-аналары, асырап алушысы, қорғаншылары не қамқоршылары олардың өкілеттілігін растайын құжаттарын ұсынғанда қорғайды.

Заңды өкілдер ұсынылатындардың атынан барлық іс-әрекеттер жасау оларды жасау құқығы заңмен көзделген шекте ұсынылатындарға жатады.

2. Атқарушылық іс жүргізу бойынша белгіленген тәртіпте із-түзсіз кеткен азамат деп танылған оның өкілі ретінде із-түзсіз кеткеннің мүлкін басқаруға берілген тұлға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте тағайындалған тұлғалар қатысуы тиіс.

3. Атқарушылық іс жүргізу бойынша қайтыс болған тұлғаның мұрагері не белгіленген тәртіпте қайтыс болды деп белгіленген, егер мұрагерлік ешкіммен қабылданбаған болса, мұрагердің өкіл ретінде өсиетті орындаушы немесе сенімгерлікпен басқаруши қатысуы тиіс.

4. Заңды өкілдер атқарушылық іс жүргізуге қатысады өкіл ретінде таңдап алынған басқа тұлғага тапсыруы мүмкін.";

9) 32-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот орындаушыға қарсылық білдіру туралы мәселені аумақтық бөлім бастығы шешеді, ол туралы тиісті дәлелді қаулы шығарылады.

Аудармашыға не маманға қарсылық білдіру туралы мәселені сот орындаушы шешеді, ол туралы аумақтық бөлім бастығымен бекітілетін тиісті дәлелді қаулы шығарылады.";

1 0 )            3 5 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Борышкердің қолма-қол, соның ішінде борышкердің касса сейфінде сақталатын және осы кассаның оқшауланған бөлмесінде, не борышкердің өзге де бөлмелерінде сақталатын ақша құралдары оларды табылғаны бойынша деру алынуға жатады.";

4-тармақты мынадай мазмұндағы екінші және үшінші сөйлемдермен тоғызылсын:

"Борышкердің басқа мүлікі жеткіліксіз болған кезде орындаушылық құжат бойынша құны көлемінен асатын оның басқа мүлкі алынуы мүмкін. Бұндай жағдайларда, мүлікті өткізгеннен кейін орындау құжаты бойынша өндірілетін сомма және орындау жөніндегі шығыстар ұсталғаннан қалғаны борышкерге қайтарылады.";

11) 38-баптың екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:  
"Борышкердің банкідегі және немесе жекелеген банкі операциясын жүзеге асыратын ұйымдардағы қаржы құралдарын өндіру сот орындаушымен инкассалық өкім шығару арқылы жүзеге асырылады, Инкассалық өкімге орындаушылық құжаттың түпнұсқасы, немесе соттың мөртабанымен куәландырылған олардың көшірмелері қоса беріледі.";

12) 40-баптың 1-тармақтарына "және өзге де несие мекемелеріндегі" деген сөздер "немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 41-баптың 1-тармақтағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы баптың 35-бабының 4-тармағымен көзделген жағдайда жазылатын мүліктің құны орындаушылық құжат бойынша өндірілетін көлемнен асуы мүмкін.";

#### 14) 49 - б а п т а 3 - т а р м ағ ы н д ағ ы :

"бағаланған сомасында" деген сөздер "соңғы хабарландырылған баға бойынша деген сөздермен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте осы мүліктегі тыйым алынады.";

15) 50-тармақтағы "сатылады" деген сөзден кейін "немесе пайдаланылады" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 57-баптың 1-тармағында "өндіріп алу кезінде," сөзінен кейін "ал басқа өндірулермен" сөзімен толықтырылсын;

#### 17 ) 68 - 1 - б а ы н д ағ ы :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көшіру жіберу орындаушылық құжатта көрсетілген бөлмеден босатудан, көшіріп жіберушіден (көшіріп жіберілетіндерден) оның (олардың) мүліктерінен, үй жануарларынан және көшіріп жіберушіден (көшіріп жіберілетіндерден) босатылған бөлмені пайдаланудан тыйым салудан тұрады.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Борышкердің мүлкін сақтау үш жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады, мерзімі өткеннен кейін көрсетілген мүлік қожайыны жоқ өткізу үшін белгіленген тәртіпте сатылады.";

18) 75-баптың 1-тармағындағы "өндіріп алу кезінде" сөздерінен кейін ", ал басқа өндірулерде" деген сөздермен толықтырылсын;

#### 19 ) 77 - б а п т а :

##### 1 - т а р м а қ т а :

"мәжбүрлеп" сөзі алып тасталсын:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Орындаушылық санкция мына жағдайларда өндірілмейді, егер борышкер осы

Заңың 10-бабына сәйкес оған сот орындаушы белгілеген мерзімде орындаушылық құжатты толық көлемде орындаса, сондай-ақ орындаушылық құжаттағы өндірілген сомманың 10 проценті бір айлық есептік көрсеткіш көлемінен кем болса";  
екінші бөлімі алып тасталсын;

20) 86-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9-1-тармақшасымен толықтырылсын :

"9-1) орындаушылық құжаттарды орындаумен байланысты мәселелер жөнінде басшылардың және мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың сөзсіз қабылдауына.";

2 1 ) 8 6 - 1 - б а п т а :

1) тармақшада "сот орындаушылары" деген сөздерден кейін "және сот приставтарына" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада "сот орындаушыларының" деген сөздерден кейін "және сот приставтарының" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 87-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"87-бап. Шешімге және сот орындаушының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану

Өндіріп алушы не борышкердің шешімге, орындаушылық құжатты орындау бойынша сот орындаушының әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе осындай әрекеттен бастартуы сотта шағымдалуы мүмкін. Шағым, азаматтық іс жүргізу заңнамасымен көзделген тәртіpte және мерзімде сотқа беріледі.";

23) 89-бап мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"89-бап. Атқарушылық іс жүргізу органдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау шаралары

Атқарушылық іс жүргізу органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда, қаза тапқанның отбасы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіpte мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алу құқы бар.".

14. 2003 жылғы 6 наурыздағы "Шағын кредит ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.

N 4 , 2 3 - қ ұ ж а т ) :

16-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"2-1) атқарушылық іс жүргізу органына: олардың өндірісіндегі атқарушылық іс жүргізу істері сот орындаушысымен қол қойылған, атқарушылық іс жүргізу органының мөртабанымен қуәландырылған және прокурормен санкцияландырылған қаулының негізінде";

15. 2003 жылғы 28 наурыздағы "Кредиттік серіктестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.

, N 5, 32-қүжат; 2004 ж., N 23, 142-қүжат; 2005 ж., N 14, 55-қүжат):

21-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"2-1) атқарушылық іс жүргізу органына: олардың өндірісіндегі атқарушылық іс жүргізу істері сот орындаушысымен қол қойылған, атқарушылық іс жүргізу органының мөртабанымен куәландырылған және прокурормен санкцияландырылған қаулының негізінде;".

16. 2003 жылғы 2-шілдедегі " Бағалы қағаздар нарығы туралы " Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14, 58-құжат);

34-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) атқарушылық іс жүргізу органына: олардың өндірісіндегі атқарушылық іс жүргізу істері сот орындаушысымен қол қойылған, атқарушылық іс жүргізу органының мөртабанымен куәландырылған және прокурормен санкцияландырылған қаулының негізінде;".

**2-Бап.** Осы Заң оны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## *Қазақстан Республикасының*

Президенті

"Атқарушылық іс жүргізу  
мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
кейбір заңнамалық актілеріне  
толықтырулар мен өзгерістер  
енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасының  
200\_ жылғы "—" ----- N\_Заңына  
қосымша  
1999 жылғы 13 шілдедегі N 411  
Қазақстан Республикасының  
Азаматтық іс жүргізу кодексіне  
қосымша

## Орындаушылық құжаттар бойынша өндіруге жатпайтын мүліктер тізбесі

Орындаушылық құжаттар бойынша борышкерге жеке меншік құқығында немесе жалпы меншіктегі оның үлесі болып табылатын борышкерге және оның қарауындағы тұлғаларға қажетті мынадай мүліктер мен заттар өндірілуге жатпайды:

1. Үй жиһаздары, ыдыс аяқтар, киім кешектер:

а) аң терілері және басқа бағалы киімдер (егер оны ауыстыратын ең төмен құнкөрістік деңгейдегі басқа киім болса), асханалық сервисдер, бағалы металдардан жасалған сондай-ақ көркемдік құндылықтары бар заттардан басқа киім, аяқ киім, іш киімдер, төсек орындар, пайдаланудағы асханалық ыдыс-аяқ бұйымдары;

б) Борышкер мен оның отбасы үшін қажетті мебельдер (әрбір тұлғага бір керует, орындық бір үстел және отбасына бір сандық);

в) Барлық балалар заттары.

2. Егер борышкер негізінен ауылшаруашылығымен айналысадын болса, борышкер мен оның отбасы үшін жаңа орақ науқанына дейін қажетті мөлшерде азық-түлік тағамдар, ал басқа жағдайларда азық-түлік тағамдар мен ақша еңбек ақының ең төменгі көлемінен кем емес мөлшерде.

3. Тағам дайындау және отбасының тұрғын үйді жылдытуға арналған отын.

4. Құрал-сайман борышкердің кәсіби дайындық сабактары үшін (соның ішінде оқулық құралдары, кітаптар), мына жағдайларды қоспағанда борышкер сот үкімімен тиісті қызметпен айналысу құқығынан айырылған болса, немесе құрал-сайман оның қылмыс жасауы үшін пайдаланылса.

5. Мүгедектердің қозғалысы үшін арналған арнайы көлік құралдары.

6. Борышкер марапатталған халықаралық, мемлекеттік және өзге де сыйлықтар.